

Ақмола губерниялары «Қырғыз Республикасының Орталық органдары түпкілікті ұйымдастырылғанға дейін Сібір ревкомының құрамында қалады [3, 140 б.]», - деп көрсетілген. Ақмола мен Семей губернияларын алып қалудың бір себебі бартын, осы кезде қуаңшылық болған кезде Ресейдің 28 губерниясының ішінде, егіннің бітік шыққаны осы Ақмола мен Семей. Сол себепті ұланғайыр территориясы мен Омбыға дейін темір жол мен су жолдары қамтамасыз етілген шұрайлы жерден Ресей бірден айырылғысы келмеді.

Ә.Ермеков аталған губерниялардың шекараларын айқындау, осы территориядағы мекемелердің мүлкі, құрал-жабдықтары мен қаражат мәселесін шешу үшін бірден келісімге келе алмай Мәскеуге бірнеше рет шағымдануға дейін барады.

Қазақ АКСР-інің «Семей, Ақмола, Торғай және Орал губернияларындағы бас учаскелерді еңбекші қазақ халқына қайтару туралы» (1921 ж. ақпан), «Патша өкіметі қазақ жерлерінен меншігіне алған жерлерді: Сібірдегі казак әскерлеріне, Оралдағы казак әскерлеріне алған жерлерді еңбекші қазақ халқына қайтару туралы» (1921 ж. сәуір) декреттерін [6, 246 б.] басшылыққа ала отырып, қазақ халқы білектің күші, найзаның ұшымен қорғаған жер оның заңды мұрагерлеріне қайтарылды.

Сонымен Ә. Ермековтың Кеңес үкіметінің саяси басқару жүйесіндегі қызметі 1919 ж. желтоқсанына басталып жиырмасыншы жылдардың соңына дейін жалғасты. Осынау қысқа мерзімнің ішінде-ақ, Ә.Ермеков Қазақстан Республикасының саяси тарихының беттерінде өзінің жарқын бейнесін мәңгіге қалдырып үлгерді. Оның тікелей қатысуымен қазақ жерінің тұтастығын сақтау, шекарасын анықтау сияқты ең маңызды жұмыстар жүргізілді. Атап, айтқанда Батыс Қазақстан өңірінің Каспийдың солтүстік жағалаулары мен Семей, Ақмола облыстары жерлері, кейіннен Коростелев даласының Қазақстанға қайтарулы.

Осы шаруаға Алаш атынан жауапты болған, жалындаған жас Әлімхан Ермеков – қай заманда болмасын, қазақ саяси элитасына, әсіресе, елім-жерім деген жас азаматтарға үлгі боларлық тұлға.

Біздің бабалар рухы алдындағы адалдығымыз бен перзенттік парымыз Алаштың аманатына адал болу, соған лайық еңбек ету, өткенге құрмет көрсету. Ал құрметтің негізгісі – Алаш идеясын бүгінгі жас ұрпақтың бойына сіңіру. Себебі Алаш идеясы – ұлтты біріктіруші, тұтастырушы идея ретінде қашан да қазақпен бірге жасайды. Алаш қайраткерлері қалыптастырған ұлттық санамызды жаңғырту – бүгінгі тәуелсіздігіміздің берік ұстанымы.

#### Пайдаланған әдебиеттер

1. Нұрсұлтанов Қ. Әлімхан Ермеков // Білім және еңбек. -1967. -№6.
2. Бөкейханов Ә. Екі жол // Қазақ. 1915. -№100,101; «Қазақ» газеті /Бас редактор Ә.Нысанбаев.
3. Өскембаев К.С. Ә.Ермековтың қоғамдық-саяси және ағартушылық қызметі (1891-1970 жж.). – Қарағанды, 2003
4. Нұрпейсов К. Алаш һәм Алашорда. – Алматы, 1995
5. Әбсеметов М. Қазақтың шекарасын қорғап қалған Алаш ұлы // Қазақстан мұрағаттары. – 2012. - 21 қаңтар.
6. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. – Алматы:Санат, 1995.

#### ЕУРАЗИЯШЫЛДАРДЫҢ ҰЛЫ ДАЛА ӨРКЕНИЕТІҢ ЗЕРТТЕУГЕ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

**Токашева А.Н.**, магистрант

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті  
Қарағанды қ., Қазақстан

Көшпенді өркениетіне деген, Ұлы Дала тарихына деген ғылыми ортадағы осы күндерге дейін орын алып отырған евроцентристік концепциялардың, көзқарастардың бас тарту мақсатында түркітөктес халықтардың тарихи, өркениетіне объективті ғылыми көзқарас қалыптастыру жолдарында тарихнамалық талдаулардың орны мен қорытындылары өте маңызды.

Тарихнамалық зерттеулер ғылыми танымдағы жолдың жеткен деңгейін, оның шешілген және шешілмеген мәселелерін айқындайды. Сонымен бірге, тарихнамалық еңбектерде ғылыми ізденістің жаңа мәселелері мен шешу жолдарын көрсетеді. Осыған орай, қазіргі таңда еуразияшылдық ой-пікірлерге деген ғылымдағы, саясаттағы көптеген ғалымдық ұйымдармен, саясаткерлер әртүрлі пікірлер айтып, бөлісуде. Сондықтан еуразияшылдық концепциясы объективті түсінік қабыптастыру мақсатында оның зерттелу тарихын, деңгейін анықтау күн-тәртібіндегі өзекті мәселе деп ойлаймыз.

Кез келген серпінді идеяның шығу тегін тарихи тұрғыдан қарастырсақ, өзінің даму кезеңдерін қамтиды. Еуразияшылдық идеясы алғаш рет XX ғасырдың бірінші жартысында Еуропада қуғында жүрген орыс эмигранттарының арасында туған екен. Бұл дегеніміз, бұрынғы ақыл-ойдағы идеологиялық құндылықтардың өзгеріп, жаңа көзқарастың пайда болуымен байланысты туған ерекше идеялардың бірі болды деген сөз. 1921 жылы Еуропада жарық көрген орыстың еуразияшыл философтарының осы бағыттары пікірлерін жинақтаған «Шығысқа шығу» атты еңбектің «Бұл мақалалар дүниетанудың апатты өзгерісі кезеңінде туған дүниелер. Болған және алдағы уақытта болатын өзгерістерден біз саяси, әлеуметтік-экономикалық дағдарыстарды ғана емес, дүниетану көзқарасында да терең өзгерістер болатынын болжап отырмыз» делінген. Демек, мұнда еуразияшылдық идеясының екі кезеңі бар. Біріншісі, 1920-жылдары Н.С.Трубецкой, П.Н.Савицкий, Г.В.Вернадский дамытқан философиялық ой-пікірлер жүйесі болса, екінші кезеңін – 1990 жылдарындағы Л.Н.Гумилев, одан кейініректегі ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың еуразияшылдық доктриналарын теориядан шынайы болмысқа ұластыруға талпынған ерік-жігермен байланыстыруға болады [1, 23 б.].

Еуразияшылдық – бұл тек географиялық ұғым емес, ол мәдени-өркениеттік бірігейлікке деген ұмтылысты да білдіреді. Еуразиялық кеңістікті баяғыда осы жердің табиғи ландшафтына бейімделіп, шаруашылықтарын жүргізген халықтар – түркілер, моңғолдар, финугорлар және славяндар мекендеген. Соған сәйкес бұл жерде өзге өркениеттік бітімдерден өзгеше еуразиялық өркениет пен еуразиялық мәдениет, еуразиялық бірегейлік пен еуразиялық философия қалыптасты. Бұл мәдени-тарихи сабақтастық тарих ырғағының бойында қалыптасқан құдіретті империялардың құрылуынан аңғарылады. Қола дәуірінде бұл кеңістікті біртұтас «андрон мәдениетінің» өкілдері деген шартты атаумен белгілі тайпалар мекендеген тарихшы-археологтар дәлелдеп отыр. Дәл осы кезден бастап, яғни біздің заманымызға дейінгі бір мыңжылдықтан бастап бұл территория көшпелі және жартылай көшпелі мал шаруашылығына негізделген еуразиялық номадизмнің эпицентрі болды. Қозғалысы динамизммен, дәстүрі статизммен сипатталып, үш мың жыл бойы тұрақтылығын сақтаған бұл әлеуметтік-тарихи формацияны «дала өркениеті» деп атауға болар еді [1, 24 б.]. Еуразияшылдық идеясының бастау көздері әр қырлы. Бұл ағым белгілі бір ортақ мектепте болмағандықтан. Еуразияшылдар идеясының өкілдері бұл идеяға өз жолдарымен келген болатын. Мәселен, П.Н. Савицкийдің ізашарлары В.О. Ключевский, С.Ф. Платонов, М.К. Любавский, Н.П. Кондаков және тағы басқалары болды. Егер Еуразияшылдар алдында тұрған «Шығыс-Батыс-Ресей» мәселесін қарастыратын болсақ, онда бұл мәселенің басты негізін салушылар болып, Н.Я. Даниловский мен К.Н. Леонтьев болып есептеледі. Жалпы, Еуразияшылдық Н.С. Трубецкойдың 1920 жылы басылып шыққан «Европа и человечество» еңбегінен басталады. Николай Трубецкой өз еңбегінде батысшылдыққа қарсы шығатын ойларды көрсеткен болатын. Орыс зиялысының «еуропалық мәдениет адамзат баласының мәдениеті еместігін, бұл белгілі бір этникалық топтың тарихи нәтижесі» екендігі жайлы жариялаған болатын. Сондай-ақ Н. Трубецкой бұл еңбегінде барлық мәдениеттер үшін тарихи дамудың нақты бірегей заңдылықтары болмайтындығын ескеріп көрсетті. Яғни, оның пайымдауынша кез келген мәдениет бірегей, ерекше болып келеді және оны еуропалық мәдениет деңгейі арқылы өлшеуі мүлде қате деп есептеді.

Еуразия идеясының алғашқы шарттары жайлы атақты орыс тарихшысы Н.М. Карамзин: «татар-моңғол шапқыншылығы Ресей үшін жойқын атап болып қана қойған жоқ, сонымен қатар орыстардың орталықтандырылған қуатты мемлекетке айналуына да себепкер болды және орыс елі Шығыс занның кейбір ел басқару үлгілерін де қабылдады» - деп, Шығыс пен Батыстың байланыстарын тарихтың терең қойнауынан алуды жөн көрді.

Еуразияшылдардың алғашқы еңбектері Кеңес Одағында да назардан тыс қалған жоқ. 1929 жылы Қызыл профессура институты «Марксизмнің жаңа сынына қарсы» жалпы тақырыппен шыққан еңбектердің жинағында жарияланған «Орыс эмигранттарының марксизмді сынауы» атты көлемде мақала тұтас еуразияшылдыққа арналып, ол «Еуропада болысып жүрген қалың тобыр ақ эмигранттардың нәғұрлым оңшыл бөлігінің, сондай-ақ КСРО-дан қуылған неғұрлым кертартпа профессура бөлігінің» ағымы ретінде сипатталды.

Ресейде еуразияшылдық мәселесі төңірегінде кең көлемде талқылаулар 1990 жылдары басталды. Ресейдің өткен, болашағы жайында еуразияшылдық концепциясының саяси және идеологиялық негізі «Иностранная литература», «Социально-политический журнал», «Вопросы философии» атты ғылыми басылымдарда пікірталастар түрінде өрбіді [9, 195 б.].

Тарихи тұрғыдан бүгінде Еуразия идеясының салтанат құруы үшін белгілі болатындай концепциялардың ішінен өзінің бар ішкі болмысымен оны игіліккі жетелейтіндердің бірі Л.Н.Гумилевтің «Еуразия ырғақтары» атты, өкінішке қарай, аяқталмай қалған ғылыми зерттеуі.

Магнитофон таспасында ғана қалған нақ осы еңбекте Еуразияның жергілікті көне тұрғындары ішіндегі ең көнесі түркілер екендігі айрықша айтылады. Л.Н. Гумилев ХХ ғасырдың 80-жылдарының соңында ұмыт қалуға айналған еуразияшылдықтың қайта жандануына өз үлесін қосты. Л.Н. Гумилев өзінің этнос, комплиментарлық, еуразиялық суперэтностың қалыптасуы, еуразиялық халықтардың даму жерінің айрықша жағдайлары туралы ілімінде бірсыпыра еуразияшылдық идеялардың теориялық негіздемесін жасады. Ол Ұлы Даланы мекендеуші түрік-моңғол мен православиелі Русь арасында комплиментарлық байланыс бар екенін дәлелдеп шықты [8, 180 б.].

Л.Н. Гумилев еуразияшылыдар туралы алғаш рет 1937 жылы танысқан болатын. Еуразияшылдардың кейбір жағдайы туралы пікірлескені үшін әріптесінің сатқындығы арқасында тұтқынға алынған болатын. Гумилев тұтқұнан босап шыққаннан кейін еуразияшылдар туралы бірқатар мәліметтер жинап, тіпті 1956 жылдан бастап сол кезде Прагада өмір сүріп жатқан еуразияшылдық қозғалыстың қалаушыларының бірі П.Н. Савицкиймен хат алысып тұрды. Ал 1996 жылы онымен жеке танысу мүмкіндігіне ие болды. О.Б. Лавров «П. Савицкий мен Г.В. Вернадский Л.Н. Гумилевтің жұмыстарын мұқият бақылап оның концепциясын жоғары бағалады және Еуразия концепциясы Л.Н. Гумилевтің бүкіл шығармашылық ғұмырымен ілесіп жүрді» - деп жазған [5, 145 б.].

Л.Н. Гумилев 80 жылдардың ортасында ашық түрде өзін еуразияшылмын деп жариялаған болатын. Л.Н.Гумилев бір сұхбатында өзін еуразияшыл деп атағанда, бұл атаудан бастартпайдындығын және бұдан бас тартпауының бірнеше себептерін атап көрсеткен. Біріншіден, бұл мықты тарихи мектептердің бірі екендігін және егер өзін солардың қатарына жатқызса, керісінше бұл мақтаныш. Екіншіден, бұл адамдардың еңбегін өзі мұқият зерттеп шыққан. Үшіншіден Еуразияшылдардың негізгі тарихи-әдістемелік қорытындысымен толықтай келісіп, бірақ бұл жерде маңызды қайшылықтар бар деген еді.

Л.Н. Гумилевтің дала өркениеттерінің тарихына деген өзіндік көзқарастары, ежелгі Ресей мен Ұлы дала арасындағы қарым-қатынастың теңдесі жоқ дәлелдерімен, оның тарихи ғылымда жинақталған нақты білім тәжірибесімен жұмыс істеудің пассионарлық авторлық әдісі кеңестік ғалымдарды бей-жай қалдыра алмады.

Лев Николаевичтің ережелеріне деген көзқарасы мүлдем басқаша еді. Гумилевтің өзі оның теорияларын ғылыми қауымдастық басқаша қарсы алатындығын мойындады. Жаратылыстану ғылымдарының өкілдері оған назар аударуға және түсінуге көп көңіл бөлді, ал гуманитарлық ғылымдардың пікірлері бірден поляризацияланған және әлі күнге дейін апологетикалық бір мағыналы және шұғыл қабылдамауға дейін ауытқыды.

Еуразияшылдық концепциясының негізгі идеясы Еуразия – бұл тек үлкен континент ғана емес, сонымен қатар оның ортасында қалыптасқан, тарихи кезең ішінде үш рет біріктірілген суперэтнос: алдымен оны түрік қағанаты біріктірді, ол сары теңізден Қара теңізге дейін жерді қамтыған келесі кезекте түркілердің орнына Сібір моңғолдар келді, содан кейін Ресей XV ғасырдан бастап ресей өз бастауын алды. Жаңа держава Түркі қағанаты мен Моңғол ұлысының мұрагері болды. Ресей басшылығымен Біріккен Еуразия дәстүрлі түрде қарсы тұрды: батыста-католик Еуропа, Қиыр Шығыста - Қытай, оңтүстігінде-мұсылман әлемі. Л.Н. Гумилев теориясына сәйкес, Ресей тарихын екі кезеңге бөлуге болады Киев және Мәскеу. XIII ғасырда Гумилевтің бойынша Киев пен Русь бір-бірімен үздіксіз соғысатын шағын князьдықтарға бөлінді. Славяндар, татарлар, литвалықтар және фин-угор халықтарының бірігуінің негізінде жаңа орыс этникалық тобы пайда болды», ол өзіндік ерекшелігі мен саяси тәуелсіздігін кез келген уақытта сақтауға тырысты. Бұл даму жолының қажеттілігін алғашқылардың бірі болып Александр Невский ашты, ол сол кезде ордамен одақ құруды, сол арқылы өз халқының рухани болмысын сақтап қалуды таңдады. Мұндай шешімнің дұрыстығын, сайып келгенде, Батыстың ықпалына түскен Ресейдің оңтүстік-батыс жерлерінің тағдыры дәлелдеді. Олар өз тәуелсіздіктерін қорғай алмады, орыс халқы үнемі қудаланды, Украинадағы ұлт-азаттық қозғалыс болса католиктіктік Польшада басқа батыс елдерінің қолдауымен аяусыз басылды [4, 170 б.].

Өз зерттеулерінде Л.Н. Гумилев этнографияға тән «кім, не және қайда» сұрақтарына ғана емес, сонымен бірге этнология негіздерін - этностардың дамуы мен өзара әрекеттесу ғылымын құратын «неге» және «қалай» деген сұрақтарға жауап беруге тырысты. Ғалымның негізгі тұжырымдарының бірі - бір қауымдастыққа қолайлы, басқаларға әрқашан қолайлы бола бермейді. Гумилевтің ынта-ықыласы оны ешқашан біржақты болуға жетелемеді: ол бір этникалық топтың басқаларға зиян келтірмегенін. Ол бірінші болып европоцентристік «қара аңыздарға» қарсы татар-моңғол игасы туралы, патологиялық қатыгездік және Ұлы дала халықтарының мәдени жетістіктерін бұзуға

бейімділік туралы сөз сөйледі. Әрине, бұл халықтардың мінез - құлқының стереотиптері Европада ерекшеленді, бірақ бұл олардың нашар болғанын білдірмейді-олар жай ғана басқа болды.

Батыстағы еуразиялықтар – П. Савицкий мен Г. Вернадский Л.Н. Гумилевтің шығармаларын мұқият қадағалап, оның тұжырымдамаларын жоғары бағалады. Мұны Прагадан келген ондаған хаттардан көруге болады және олар көбінесе Г. Вернадский жұмыс істеген АҚШ-тың (Прага арқылы) толтықтырылып отырды. Г.В. Шетелден келген Вернадский Л. Гумилевтің әр мақаласын қадағалап, П. Савицкий арқылы өз пікірін жеткізді: «бұл проблемаларға гуманитарлық емес, ғылыми тұрғыдан табиғи жолмен қарау мүмкіндігін белгілеу өте маңызды» - дейді.

Жаңа бағыттың алғашқы айқын қолдануы 1921 жылы «Исход к Востоку». Предчувствия и свершения. Утверждение евразийцев» атты мақалалардың жинағының жарық көруі болды. Бұл мақалалардың авторлары ретінде экономист және географ П.Н. Савицкий, лингвист және этнограф Н.С. Трубецкой, философ және теолог Г.В. Флоровский, өнертанушы П.П. Сувинский болды. Одан кейін бірінші кітаптың артынан екінші «На путях» деген кітабы басылмаға шықты, бұдан кейін мерзімдік басылымда «Евразийский временник» деген кітабы жарық көрді, басылымның құрамдық қоры өзгеріп енді оның негізін қалаушылар ретінде тарихшы Г.В. Вернадский, тарихшы және философ Л.П. Карсавин, құқықтанушы Н.Н. Алексеев, әдебиеттанушы Д.П. Святополк-Мирский және т.б. болды. Осы кезден бастап Г.В. Флоровский негізгі қалаушылармен ара-қатынасын тоқтатқан болатын. П.М. Бицилли, А.В. Карташева, М.В. Шахматова секілді ғалымдар еуразияшылдық басылымдарына қысқа уақыт жұмыс жасады. Алайда, тұтастай алғанда, жаңа дүниетаным ресейлік эмигранттар арасында резонанс тудырды, оған еуразиялықтар өткізген лекциялар мен семинарлар, «Еуразиялық жылнамалар» мен «Еуразиялық дәптерлер» әсер етті. С.С.Аверинцев дәл көрсеткендей философия мен саясаттың қауіпті шыңында пайда бола отырып, 1920 жылдардың ортасында бағыт белгілі бір саяси мақсаттарға ие және ұйымдастырушылық дизайнға ұмтылатын қозғалыс сипатына ие болды. Сонымен бірге қозғалыс құрамының кенеюі мен өзгеруі оның бөлінуіне әкелді, бұған ОГПУ агенттерінің еуразиялық ортаға енуі ықпал етті [7, 196 б.]. Қатысушылар арасындағы бұрыннан келе жатқан қайшылықтарды ашқан сыртқы серпін - «Евразия» газетінің шығуы. Оның шығарылымын 1928 жылдың соңында Париж тобының өкілдері ұйымдастырды. Редакциялық алқаның құрамына Л.П.Карсавин, П.П. Сувчинский, П.Н. Малевский-Малевич, Д.П. Святополк-Мирский, С.Я. Эфрон, П.С. Арапов, В.П. Никитин, А.С. Лурье секілді тұлғалар болды. Газеттің ашық большевиктік үні Алексеев, Савицкий, Ильиннің наразылықтарын тудырды, олар өздері қатысқан басылыммен жұмысты тоқтату шешім қабылдаған болатын. Оны 30-шы жылдары іс жүзінде кетіп қалған Трубецкой қозғалысына қатысуымен одан сайын салмақтай түсті. 30-жылдардың басында еуразиялық идеология жақтаушыларының съезін және белсенді жариялау арқылы қозғалысқа жаңа серпін беру әрекеті күткен нәтиже бермеді. Біртіндеп, соғыстан кейінгі онжылдықтың аяғында ол іс жүзінде тоқтап қалды. Еуразиялық тұжырымдаманың қалыптасуының бастамасы оның еуропалық мәдениеттің жалпыға ортақ сипаттағы шағымдарына қарсы бағытталуы болды. «Исхода к Востоку» пайда болғанға дейін, «Европа и человечество» атты шағын кітапшасында Трубецкой еуразиялықтардың еңбектерінде одан әрі дамытылған бірқатар идеяларды айтқан [7, 353 б.]. Біріншіден, ол еуропалық емес халықтардың өздеріне автохтондық мәдениеттерді шығармашылық әлеуетінен айырған бөтен еуропалық мәдениетті жүктеуінің зияндылығын атап өтті. Трубецкой сенгендей, романо-германдық халықтар дамыған мәдениеттің әмбебаптығы туралы пікірлер негізсіз. Әр мәдениет тәуелсіз құндылық болып табылады және екіншісіне қарағанда төменгі немесе одан жоғары деп қарастыруға болмайды. Сондықтан мәселенің дұрыс тұжырымдалуы дамыған ұлттардың ұмтылуында емес, өзін-өзі тануда қажет. «Познай себя» және «Будь самим собой» - бұл еуразиялықтарды іздеуді анықтаған постулаттар. Еуразиялықтардың тұжырымдамалық құрылыстарының негізін Евразия, оны мекендейтін халықтардың «жергілікті дамуы» ретінде тұжырымдамасы құрады. Еуропа мен Азияның өзінде орташа орын алатын Еуразия континенті табиғи-климаттық ерекшеліктерге ие болды, оны мұнда тұратын халықтардың біртұтас экономикалық, мәдени және саяси дамуын қамтамасыз етті. Еуразиялықтардың тұжырымдамалық құрылыстарының негізін Евразия, оны мекендейтін халықтардың «жергілікті дамуы» ретінде тұжырымдамасы құрады. Еуропа мен Азияның өзінде орташа орын алатын Еуразия континенті табиғи-климаттық ерекшеліктерге ие болды, оны мұнда тұратын халықтардың біртұтас экономикалық, мәдени және саяси дамуын қамтамасыз етті.

Қорыта келгенде, ХХ ғасыр басында Ресей империясының қиын-қыстау заманындағы өтпелі кезеңінде мемлекеттің болашағы үшін эмигранттық зиялы қауымның арасында пайда болған «еуразияшылдық» идеясы нақты тарихи сипаттарға ие болған құбылыс деуімізге болады. Ғасыр басында пайда болған бұл идея алғашқа кездің өзінде орыс эмиграциясының арасында

еуразияшылдардың көптеген мақалаларына қатты қызығушылық туып, маңайына көптеген жастарды біріктіре алды. Мұның себебі оларды толғандырған негізгі мәселе Ресейдің болашағы сді. Еуразия идеясы елдің қиын, қисынсыз өзгерісті дәуірінде қайта дамиды. Бұл идея жаңа ерекшеліктерді қалыптастырып, кен көлемді ақыл-ой, ақылдың ғылыми құрылымына ис, әлеуметтік-тарихи процестерді өз заманындағы шынайлықпен тарихи қалыпында түсініп, байқайтын адам санасында қалыптасады.

Еуразияшылық идеясы ұлттық мәдениеттің даму маңыздылығын, әрбір ұлт пен халықтың бірегей ерекшелігін, халық өміріндегі жеке жоғарғы ұлттық идеяның және дербес тамаша теңдесі жоқ дамудың ролін атап көрсетеді. Еуразия дүниесіндегі тарихи ерекшеліктерін түсіну еуразиялық ұқсастықтың қалыптасу өзгерісін ұғыну болып табылады. Жалпы еуразиялық ұқсастыққа тек тарих пен мәдениетті зерттеумен өзін-өзі тану арқылы жетуге болады. Өзін-өзі тану адм не халыққа оның өмірдегі шынайы орнын көсетіп қана қоймайды сонымен бірге оған әлем ортасы еместігін тек өзін субъект ретінде тану емес аталғандардың ешбір орта не жоғары саты еместігін аңғартады. Еуразиялық ұқсастық немесе еуразиялық ұлтшылдық әлеуметтік психологиялық деңгейде Еуразия халқының бірлігін нығайта түсуге мүмкіндік береді.

Олардың жан-жақты оқытуын дамытуға кіріскен евразиялықтар революцияға дейінгі кезеңге жататын және Азамат соғысына ықпал еткен ескі саяси партиялармен жұмыс жасаудан бас тартты. Қозғалыстың өзі революциядан кейінгі деп жарияланды және оның жетекшілері Ресейде болып жатқан барлық өзгерістерді империяның элитасы таңдаған жалған («батыстық») даму жолының қисынды нәтижесі ретінде қабылдады. XX ғасырдың соңғы он жылдығы әлемдік тарихта терең із қалдырды. Еуразияшылдық - қай жерде, қалайша пайда болды, ол неліктен өткеннің өміршен идеясына айналып, бүгінгі күні бұл идеяға неге қайта оралуда деген сұрақ туындайды. «Еуразияшылдық» алғанда, іштей топтасу мен бірлік дегенді білдіреді. Алайда, осы бірліктің ішінде әрбір ұлт өзінің ерекшелігі мен салт-дәстүрін, тарихы мен болмысын жойып алмағаны маңызды. Қазақ даналығына сүйенсек, бірлік бар жерде тірлік те болады.

Өз мағынасы, өзінің табиғаты мен мәні жөнінде де ол солай болуы тиіс. Егер Батыстың ұраны: «Сыртқы дүниені танып, соның негізінде оны қайта өзгерт» - десе, Шығыстың ұраны: «Өзіңді өзін танып, соның негізінде оны қайта өзгерт». Ал Еуразияның ұраны: «Ізгілік жасау немесе жақсылыққа, жарастыққа, парасаттылыққа ұмтылу». Ұлы Абайдың сөзімен айтсақ: «Адам бол!», рухани-адамгершілік жағынан жетілген, Шығыстың руханияты мен Батыстың озық технологиясын, білімін, ақыл-ойын бойына сіңіріп, екеуін ұштастырған толық адам бол! Еуразиялық идея Шығыс пен Батыс идеяларымен салыстырғанда өзіндік ерекшелігі бола тұра, оларға кереғарлық жасамайды, олармен бір қатарда айрықша тұрмайды. Керісінше, екі идеяны да жандандырып, мәдени-рухани жағынан біріктіреді, синтездейді. Ол дүниені жаңғырту мен адамды рухани жетілдіруді бір-бірінен алшақтатпайды, керісінше, жақындатады, толықтырады. Басқаша айтқанда, адамның материалдық-практикалық іс-әрекеті рухани-адамгершілік бастамасымен мольғады; оз кезегінде адамның рухани-адамгершілік тұрғыдан дамуы дүниеден сырт қалуда емес, қайта ол нақтылы іс-әрекетті талап етеді.

#### Пайдаланған әдебиеттер

1. Вернадский Г.В. Опыт истории Евразии. «Москва», 2005.
2. Петр Савицкий. Еуразиялықтың географиялық және геосаяси негіздері. – Алматы: «Қазақстан»
3. Аяганов Б.Г., Абжанов Х. Евразийство и диалог литературы. – Алматы: «Қазақстан», 2013.
4. С.Ә.Әбдіманапов (бас редактор). Лев Гумилев ілімі және қазіргі Еуразияның халқы: VI Халықаралық еуразиялық ғылыми форумы. – Астана: «Қазақстан», 29 қазан 2007 жыл
5. Ахметов Ә. Еуразия коды. Бесінші өркениет қарсанында. – Астана: «Қазақстан», 2012.
6. Нысанбаев Ә. Еуразия философиясы. – Егемен: «Қазақстан», 2003 жыл
7. Ковальская С.Е. Научное наследие Гумилева. – Астана: «Фолиант», 2012.
8. Бердяев Н.А. Утопический этатизм Евразийцев. Евразийство. Опыт систематического изложения. – «Москва», 1927.
9. Дугин А.Г. Основы евразийства. – «Москва», 2002.
10. Бердяев Н.А. Евразийцы // Евразия: Исторические взгляды русских эмигрантов. – «Москва», 1992.